

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ӨңІРІНЕ КӨШІРІЛГЕН ХАЛЫҚТАР

Серікболқызы А.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.м., аға оқытушы Шахаев А.Ж.
Академик Е.А Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
arman.shahaev@mail.ru
Қарағанды қ.

Соғыстың алғашқы жылдары Қазақстанға батыс аудандардан эвакуацияланған 532,5 мың адам баспана мен жұмыс тапты, сонымен бірге 50 мың маманданған жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлер және негізінен ауылдар мен селоларға орналастырылған 970 мыңдай күштеп көшірілген поляктар мен немістер келді. Республика жұмысшы тобының қатарына Донбастың 2 мыңдай шахта құрылысшылары келіп қосылды [1, 215]. Өте қысқа мерзім ішінде эвакуацияланған кәсіпорындарды тиісті өндірістік алаңдармен қамтамасыз етіп, майданға қажетті өнімдер өндіруді жолға қою, адамдарды азды-көпті тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз ету қажет болды.

Майданға жақын аймақтардан адамдарды амалсыз эвакуациялау көптеген қиындықтар әкелді. Олардың көпшілігі ауылдар мен селоларға орналастырылды. Қалалардағы соғысқа дейінгі тұрғын үй проблемасы одан әрі шиеленісе түсті. Ел үшін ауыр болған осы жылдардың өзінде тұрғын үй құрылысы жалғастырыла берді. 1941-1945 жылдары жалпы көлемі 3 317 мың шаршы метр тұрғын үйлер пайдалануға берілді [2, 149].

Кеңес халқы ортақ Жеңіс үшін батырлық пен ерліктің үлгілерін көрсетіп жатқан уақытта 30-жылдардағы геноцид жалғасын тапты. Өкімет «халық жауларын» жоюмен қанағаттанып қана қоймай, тұтас этникалық қауымдастықтарды өздерінің туған жерлерінен күшпен қоныс аударып, террорлық әдістер қолдануға көшті.

Күштеп жер аударудың алғашқы құрбандықтарының бірі - Қиыр Шығыстағы кеңестік корейлер. 1937 жылы Қазақстанға бұл этностың 100 мыңдай өкілі қоныс аударылды. 1941-1942 жылдары республикаға 408 мың неміс депортацияланды. 1943-1944 жылдары ешбір дәлелсіз басқыншыларға дем берді деп айыпталған Солтүстік Кавказ халқы да жер аударылды. Олардың ішінде Қазақстанға депортациялауға қарашайлар - 45,5 мың адам, балкарлар - 25 мың, чешендер мен ингуштар 406 мың адам душар болды [2, 158].

Сондай-ақ Қазақстанға қалмақтар (2,2 мың), ирандықтар (2 мыңнан аса отбасы), поляктар, финдер, күрдтер, қырым татарлары, түріктер, гректер, батыс беларустар мен батыс украиндықтар, литвалықтар т. б. қоныс аударылды [3, 160]. Тіршілік ауыртпалығы мен күшті моральдық қысым жағдайында жергілікті халықтың тілектестігі мен қолдаусыз өмір сүру қоныс аударушылар үшін қиын еді.

Ұлы Отан Соғысы басталғаннан бері келесі айда Қарағандыға КСРО-ң батыс аймақтарынан өнеркәсіптік жабдықтармен және азаматтық халықпен эвакуацияланған эшелондар келе бастады. 1941 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстанға 24 258 адам – 9503 ер адам және 14 755 әйел адамдар көшіріліп әкелінді (соның ішінде 8769 бала). Қарағанды облысына осы уақытта көшірілу бойынша барлығы 448 адам келді, олардың ішінен көбі еврейлер – 197 болды (орыстар 189, украиндар 36, белорус 11, поляктар 5 және т.б.) Көшірілгендер негізінен Ресейден, Украинадан және Белоруссиядан келіп жатты [2, 92].

Көшіріліп әкелінгендерді 1941 жылы 18 қарашада бекітілген аудандар және қалалар бойынша бөлу жоспары бойынша [2, 132] Қарағанды облысында 71200 көшірілген азаматтарды орналастыру көзделді, олардың 42200 – Қарағанды қаласына.

Бұл жоспарда сонымен қатар мына мәселелерді жүзеге асыру ұсынылды: 1. ... Аудандық және Қалалық Кеңестің бірінші хатшыларын және Аудандық және Қалалық Атқару Комитеті төрағаларын, депутаттарды, еңбекшілерді 4 қарашадағы ХКК мен БК(б)П ОК шешімін бұлжытпай орындау үшін жеке жауапкершілік жөнінде ескерту;

2. Аудандық, ауылдық және селолық кеңестерінің атқару комитеттерін көшіріліп әкелінгендерді орналастыру үшін барлық тұрғын ауданын есепке алуға, бос тұрғын ауданының үй бойынша тізімін құрастыруға, тұрғындарды көшіріліп әкелінетін адамдар жөнінде хабардар етуге, тұрақты өмір сүруге көшіп келгендерді орналастыру минималды қысқа мерзімде орындауға міндеттеу. Одан кейін көшіп келетіндерге арналған тұрғын ауданының болуын тексеріп отыру;

3. Аудандық және Қалалық кеңес, республикалық атқару комитеттерін барлық көшіріліп әкелінгендерді 3 күндік мерзімде жұмысқа орналастыруға, сол үшін аудан бойынша мекемелердегі, кәсіпорындардағы, аудандық өнеркәсіп комбинаттарындағы және артельдердегі бос қызметтерді есепке алуға, сонымен қатар, колхоздар, совхоздар мен МТС-н қажет ететін жұмыс күшін қадағалауға және көшіріліп әкелінгендердің жұмысқа тұру жоспарын құрастыруға, осы кезде бірінші кезекте әскери қызметкерлердің Семейге жұмысқа тұруына назар аударуға, сонымен қатар, келіп жатқан мамандарды тиісті жерде қолдануға міндеттеу;

4. Поспелов Облыстық денсаулық бөлімін, жол-санитарлық басқармасын және аудандық денсаулық сақтау бөлімін көшіріліп әкелінгендерге қызмет көрсетуді жақсартуға міндеттеу, ол үшін: а) Анар, Осакаровка, Шоқай, Нұра, Қарағанды-Сұрыптау, Дарья, Жарык, Жана-Арқап, Қызылжар, Жезқазған, Ағадыр, Мойынты, Бертіс, Жаңа Қарағанды, Сұрыптау стансаларында науқастарға арнап изоляторлар ұйымдастыру және сонда дәрігерлердің кезекшілігін орнату; б) келіп жатқан халықтың санитарлық тексеріс өтуіне жүйелі бақылау қою; в) ауру індеттерінің алдын-алу бойынша шаралар құру».

Көшіру бекетінің жұмыскерлері қысқа мерзімде көшірілген халықтың қабылдауды, орналастыруды және жұмысқа тұрғызуды ұйымдастырулары керек еді. Көшіру бекеті жұмыскерлерінің барлық тырысқанына қарамастан, олардың жұмыстарында бірден Қазақстанның КП Облыстық комитетінің бұйрықтарында бірден белгіленіп, облыстық мұрағатта айқындалып отырды.

Әсіресе, Қазақстанның К(б)П Қарағанды Облыстық Комитетінің Бюросының “Көшіру бекетінің жағдайы және оны қысқа дайындау жөнінде” [2, 136] Қаулысында келесідей жазылған: “К(б)П Облыстық комитетінің Бюросы көшіру бекеті қысқы уақыт жағдайларына дайын еместігі, сәйкес қондырғылар және көшіру бекеттері алып тұрған мекемелерінің жылуы өндірілмегені, жұмсақ мүліктермен қондырғылар өткізілмегені, келіп жатқан көшіру бекеттерінде орналастырылатын азаматтармен көпшілік жұмыстары жеткілікті өткізілмегендігі жөнінде айта кетеді.

Аудандық, қалалық кеңестердің Атқарушы комитеттерінің көшіруді ұйымдастыру жұмыстарының тиімді болмауына байланысты, көшірілетіндер жұмысқа тұрғызылмағандықтарынан және оларға тұрақ жайлардың берілмегенінен олардың көшіру бекеттерінде біраз тұрып қалған жағдайлары болып тұрады. Көшіру бекетінің бастығының орынбасары Марусин мырзаның тарапынан медициналық қызмет көрсетудің әлсіздігі жөнінде айта кеткен жөн”.

Көшірілген халықты қабылдау, орналастыру және жұмысқа тұрғызу бойынша жұмыста Қазақ КСР-н К(б)П Қарағанды Қалалық комитетінің, Халық ағарту ісінің облыстық бөлімінің, Облыстық денсаулық сақтау бөлімінің жұмыскерлерінің біздің қаламыздың кәсіпорындарының жетекшілерінің және т.б. қызметі маңызды роль атқарды.

Қазақстанның К(б)П Қарағанды Облыстық Комитетінің Бюросының “Көшірілген халықта облысқа орналастыру және жұмысқа тұрғызу жөнінде” қаулысында көрсетілді [2, 136]: «...Кәсіпорындардың, совхоздардың, МТС, МТМ жетекшілеріне 20.Х-41ж. қарай еңбек ететін депутаттардың қалалық және аудандық кеңесінің төрағаларымен бірге, әрбір өнеркәсіптік кәсіпорын, совхоздар, МТС және МТМ бойынша жұмыс күшінің және мамандардың қажеттілігін қарастырып, барлық тұрғын ауданды есепке алып, бір мезгілде оны көшірілген халықты орналастыру үшін дайындау. Қалалық, аудандық Атқару Комитеттерін 25.Х-41 бұрын көшіріліп әкелінгендерді орналастыруға арналған тұрғын үйлердің жөндеу жұмыстарын және қысқа дайындығын аяқтауға міндеттеу және мұқтаж адамдарға сауда

ұйымдары арқылы жанармайдың, жылы киімнің және аяқ киімнің қажетті көлемін иеленуге көмегін тигізу”.

1941 жылдың қарашасының соңына қарай Қазақстанда 159 944, 57 606 –ер адам, 102 338 әйел адам орналастырылды. Қарағанды облысында осы уақытқа қарай 11 136 көшірілгендер болды, олардың 6 556 – еврей, 3116 – орыс, 1133-украин, 180-белорус, 39- поляк болды [4, 158].

Көшіру тарихы қайғыға толы болды. Түсініспеушілік нәтижесінде тұтас жанұялар жоғалып жатты, ал фашист басқыншыларымен соғысқан жауынгерлер өз туыстарын таба алмады. Қарағанды облысының мемлекеттік мұрағатының қорларында көптеген өздерінің туған-туыстарына іздеу салу туралы өтінішпен хаттар табылып жатты. Тек бір мысал келтірейік. 1941 жылдың желтоқсанында Қарағанды КП (б) облыстық Комитетіне келесі хат келді: “Келгеннен бері 6 ай шамасында Қызыл Әскер қатарында болғаннан, өз жанұяммен хабарласатын жағдайым болмады. Қазіргі уақытта тылда бола отырып, менің жанұямның мекен-жайын анықтауына қол ұшын тигізулеріңізді сұраймын. Менің әйелім, Ройтман Бронислава Львовна, 1908 жылы туған, партия мүшесі, Киевтен көшіріліп әкелінді. Осындай коммунист сіздерде тізімде барма және оның қайда екенін мәлімдеулеріңізді сұраймын. Бұл адам тізімде болмаса немесе басқа облысқа ауысқан болса, оны да хабардар етуіңізді сұраймын. Сонымен қоса, Ройтман Б.Л. менің мекен-жайымды мәлімдесеңіздер: Чкалов облысы, Платовка стансасы, Покровка ауылы, пошта жәшігі 19/5, саяси жетекші Мукомель Израиль Феликсовичке” [2, 147].

Бұл хатта 1942 жылдың 14 қаңтарынан белгілеу жасалған: “Тізімде жоқ деп хабарланды”, алайда, бір айдан соң осындай хатта “мекен-жайы екеуіне де хабарланған” деп жазылған. [2, 147-148]. Осылайша, түсініспеушілік жағдайлар жойылып, және Мукомель жанұясының мүшелері бір-бірінің мекен-жайларын білді. Содан, партияның қарағандылық облыстық комитетінің мекен-жайына алғыс білдіру хаты келді: “Сәлеметсіз бе, Козулин мырза! Менің күйеуім саяси жетекші Мукомель жөнінде хат үшін көп рахмет. Мен, объективті мәліметтерде сәл айырмашылық болса да, шынымен де оған іздеу салған адаммын (куәлік бойынша мен 1909 жылы, ал негізінде 1908 жылы туғанмын). Туыстарым мені менің туған жылымнан 1 жылға кеш тіркеді. Аты-жөнім Броня Львовна, ал куәлік бойынша мен Лейбовнамын. Еврей есімдерімен мұндай оқиғалар жиі болып тұрады. Менің қуанышымды көз алдарыңа елестетіп көріңіздерші... Ол Полтавск майданында екенін білдім, ал одан бір хабар жоқ. Ол сонда өлім қалды ғой деп ойлады. Покровск аудандық комитетінің мекен-жайына құрбым хат және телеграмма жолдады және өз өңірлеріңізден менің шынымен де Мукомель И.Ф. іздеу салған адам екенімді хабарлауларыңызды сұраймын. Маған күйеуім жөнінде хабарлағандарыңыз үшін тағы да алғыс айтамын. Коммунистік сәлеммен! Ройтман Б.Л. Мекен-жайы: Ж.Тихоновка ауылы, Чкалов атындағы ұжымдық колхоз, Ройтман үшін Пришахтинск МТС-ы”[2, 148-149]. Басқа ұлт өкілдерінің қоныс аудару барысында жанұяларын жоғалтулары көптеп кездесті. Оларға көмек жұмыстары басқару мекемелерінің тікелей араласумен жүргізілді. Дегенмен, аталған жекелеген мәселелерге, қиындықтарға қарағанда көшіру шаралары жергілікті тұрғындардың тұрмыстық жағдайын одан әрі тығырыққа тіреді.

Соғыс жылдарындағы көшіру жұмыстары қарастырылып отырған уақытта үлкен әлеуметтік проблемалар тудырды. Басқа халықтарды облыс аумағына көшіру басқару органдарын да, ең алдымен жергілікті тұрғындарға жайсыз болды. Дегенмен, уақыт өте келе бұл үрдістің материалдық мәселелері өз шешімін тапқанымен, оның рухани, ұлттық тұрғыдан алғандағы салдары болашаққа, әсіресе қазақ халқы үшін шешімі қиын проблемаларға алып келді. Бүгінде қазақ тілінің, ұлттық құндылықтардың өз деңгейінде дамымай отырғандығы, Қарағанды өңірінде бөтен халықтардың әлі де үлкен көлемде өмір сүріп отыруымен сипатталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абишев Г. Казахстан в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг. - А.-А. – 1958

2. Қарағанды облысындағы арнайы көшіріліп әкелінгендер. Құжаттар мен материалдар жинағы. - Қарағанды.- 2007.

3. «Ұлы Жеңіс: жаңа көзқарастар мен қадамдар» Жеңістің 65 жылдығына арналған халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары. .-Астана. - 2010.

4. Могильницкий В. Люди Победы. - Караганда. - 2010.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫРЛАРЫ

Тұңғышбаева А.Е.

Ғылыми жетекші: г.ғ.м., аға оқытушы Д.Т. Шашенов
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
araiilimka@mail.ru

Алаш қозғалысының негізін қалаушы, Алашорда үкіметінің төреғасы, Алаш партиясының ұйымдастырушысы әлемге танымал саясаткер, ғұлама ғалым, ормантанушы, экономист, тарихшы, фольклоршы, аудармашы, Абай танушы, сыншы, көсемсөзші, энциклопедист, ұлт көсемі, ғасыр саңлағы Әлихан Нұрмұхамедұлы Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысының №7 ауылында біздің заманымызға дейінгі XV ғасырдан бастап Ұлы Даланы мекендеген халықтардың тайпа көсемдері мен басшы батырларының мүрделері жерленген әйгілі Бегазы қорым мавзолейінің іргесіндегі Жекежалдағы Мықан төренің қыстағында өзінің саясаттағы қарсыласы, биліктегі қас дұшпаны Сталиннің өлген күнінде яғни 1866 жылдың 5-наурызында Әлихан дүние есігін ашқан. Әлиханның арғы атасы Бөкейді 14 жасында Самарқанның билеушісі көкжал Барақтан Қаз дауысты Қазыбек би қалап Орта жүзге алып келен. Бөкей 1815 жылы Нұра өзенінің бойында Орта жүзге Хан болып сайланған. Бөкейдің 9 ұлының бірі Батыр төре Қудың Қызылшілігі деген жерді мекендеген. Батырдан туған 4 ұлдың біреуі Рүстем төре сол өңірдің Жалықбас деген елінде болыс болып жүргенде қазақ даласына бекініс сала бастаған орыстарға бағынбаймын деп 1830 жылы жанына туған інісі Мырзатайды ертіп оңтүстікке көшіп Шу мен Меркенің ортасына қоныстанған [1]. Рүстем Үйсіннің төресі атанып 20 жылдай тұрған. 1838 жылы Шудың бойындағы Қорғаштының Қоскөлі деген жерде Мырзатайдың баласы Нұрмұхамед туған. 1850 жылдары Рүстем мен Мырзатай Арқаға бет алып Тоқырауын болысына №7 ауылына келіп тұрақтаған. Қаракесек-Сарым елінің биі Шон би төрелерге Желтау тауының аймағынан Шұрайлы жер берген. Рүстем мен Мырзатай төрелер Желтаудың екі жағынан қыстақ салған. Ортасындағы Жекежал деген жер Нұрмұхамедке тиген. Сол Жекежалға 1866 жылы ұлы тұлға Әлиханның кіндік қаны тамған.

Әлиханның 6 жасқа дейін тілінің шықпағандығынан да мектепке кештеу барған. Ауыл балаларымен асық ойнаудың шебері атанған. Малдардың жас төлдерін бағуға құштар болған. Қарқаралыдағы Зариф деген молдадан сауат ашып 20 жасында Қарқаралыдағы 3 сатылы бастауыш мектеп пен 3 жылдық кәсіптік училищені бітіріп етікші мамандығын алып, 24 жасында Омбы техникалық училищесін, 28 жасында Санкт-Петербургтың Императорлық орман шаруашылығы институтын бітірген және университеттің заң факультетінде экстернат түрінде оқыған. Осы университетте оқып жүріп француз тілін үйренген. Еңбек жолын Омбыдағы училищеді оқытушы болып, сонымен қатар социалистік бағыттағы «Степной край» газетінде тілші болып, қызмет атқарған. Содан бастап Ә.Бөкейхан қазақтың ұлттық ана тілінің мәртебесіне айырықша мән берген. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген көзқарасы соның айғағы. Сондықтан да ұлт көсемі қазақ баспасөзінің қазақ ұлтының санасын оятатын, алға жетелейтін, көзін ашатын, қуатты күшіне сенім артып, ұлт азаттық қозғалысының жетекшісі болып жүріп, қазақ тіліндегі бүкіл ұлт баспасөзін ұйымдастырумен де